

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
заң факультетінің 4 курс студенті:
Тасбаев Шапағат
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы
Даубасова Сулушаш Шынжырханқызы

Сот сараптама қызметінің түсінігі және ғылыми, құқықтық негізі

Сот сараптамасы бұл қылмыстық сот ісін жүргізуде, криминалистикада, қылмыстық іс жүргізуде және азаматтық іс жүргізуде арнаулы ғылыми білімді қолданудың ең басты нысандарының бірі болып табылады [1, 56 б.].

Сот сараптамасы - бұл ерекше дербес және ең күрделі тергеу әрекеті, оның мәні маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында арнаулы ғылыми білім негізінде істің материалдарын зерттеу [2, 15 б.].

Сот сараптамасы-қылмыстық сот өндірісінде арнаулы білімді қолданудың сараланған нысаны. Ол сот және алдын ала тергеу ортандарының танымдық мүмкіншіліктерін неғұрлым кеңейте түседі де, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі өндіріс барысында және сот отырысында танымның барлық ғылыми құралдарының арсеналын пайдалануға мүмкіндік береді.

Сараптаманың негізгі белгілерін анықтай келе, біз оның тергеу барысында немесе арнаулы ғылыми білімді қажет ететін қылмыстық істі сотта қарау кезінде пайда болған мәселелі-танымдық ситуацияларды шешудің нысаны екендігіне назар аударғанымыз жөн. Сондықтан да сот сараптамасы қылмыстық істің маңызды мән-жайларын анықтауда ең икемді әдіс деген де шығады [3, 51 б.].

Сот сараптамасы жаңа зерттеу әдістерін қалыптастыру жолымен және қолда бар зерттеу әдістерін жетілдіру арқылы тұрақты түрде дамиды да, сот және тергеу тәжірибесінде көп қолданыс табады.

Сарапшы тарапынан қылмыстық істің мән-жайын анықтау тек белгілі бір ғылым саласында әдістер мен тәсілдерді білуге және зерттеудің қазіргі кездегі жетістіктері мен құралдарын қолданумен тікелей байланысты.

Сарапшының арнаулы ғылыми білімді қолдануы сот қарастырып отырған қылмыстық істің мәнін, қосымша жақтарын ашуға ғана мүмкіндік бермейді, сонымен қатар әртүрлі құбылыстар мен заттар арасындағы себебі мен салдарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұның барлығы сот қарастырып отырған фактілі материалдарды кеңейте отырып, сотқа қылмыстық іс бойынша объективті шындықты айқындауды жеңілдетеді.

А.А.Исаев "Сараптама арнайы ғылыми білімді белгілі бір саладан сот өндірісіне механикалық түрде орналастыру емес, ол қандай да бір ғылымның зерттеуіне қарамастан, зерттеу объектісінің туындау процесі" деп көрсетеді [3, 45 б.].

Сот сараптамасының қылмысты тергеудегі және қылмыстық процестегі маңызды ерекшелігі сарапшының қолданатын ережелерінің қатаң сипатта

болуы. Сарапшының арнайы білімі немесе өзінің кәсіби дағдысы негізінде осы құбылыстың немесе заттардың мәнін ғана ашу емес, сонымен қатар осы құбылыстың барлық себептері мен заңдылықтарын ашуға мүмкіндік береді [4, 65 б.].

Сот сараптамасының мақсаттарын орындау үшін жалғыз кәсіби дағды жеткіліксіз болады. Кәсіби тәжірибе мен дағды барлық жағдайда сот сараптамасын жүргізу үшін қажетті құбылыстар мен заттардың себептері мен өзара байланысы туралы білім бермейді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының "Сот сараптамасы туралы" заңында көрсетілгендей, - сот сарапшысы ретінде, тек арнаулы ғылыми білімі бар және аттестациядан өткен, біліктілік куәлігі бар, сот сараптамасын жүргізу құқығына лицензиясы бар жеке тұлға бола алады.

Сот сараптамасының мәнін қарастыра отырып, ең алдымен ол таным процесі ретінде әрқашан тұрақсыз және ол барлық уақытта диалектикалық түрде өзгеруіне, дамуына және теревдейтіндігіне назар аударуымыз керек. Тұрақты түрде сот сараптамасының мәнінің өзгеруі екі жақты жүреді. Бірінші жағынан, ол ғылымның белгілі бір саласындағы ғылыми зерттеу болғандықтан, бұл ғылыми білім деңгейінің тұрақты дамуына байланысты

Екінші жағынан, сот сараптамасының мәнінің тұрақты түрде өзгеруі қылмыстық процесс нысанының, бұл процестегі сот сарапшысының рөлінің, оның қызметін реттейтін нормалардың өзгеруіне және ең соңында қоғамның экономикалық өміріне байланысты болуында [5, 87 б.].

Сот сараптамасының ғылыми зерттеу процесі ретіндегі мақсаты қылмыстық іс бойынша объективті шындықты анықтау болғандықтан, барлық ғылыми таным процесі сияқты құрамдас элементтері бар [6, 48 б.]. Белгілі бір фактілер тобының болуы. Бұл фактілерді зерттеу. Қылмыстық іс бойынша белгілі бір объективті шындықты анықтау ретінде алдына қойған мақсатты шешудің нәтижесін, қорытындысын алу.

Қылмыстық процестегі сот сараптамасының мәні сараптама тағайындалған нақты бір фактілі мән-жайын анықтаудағы зерттеудің нәтижесі болып табылмайтын сарапшының қорытындысының болуына жол бермейді. Көптеген процессуалистердің пікірі бойынша, сараптама - бұл зерттеу процесі бірақ, олардың кейбіреулері қорытынды беруге жоғары ғылыми дайындығы бар сарапшы істің материалдарымен танысуға қажеттілік туындайды деген жағдайды мүмкін деп есептейді. Яғни қорытынды қылмыстық іс материалдарына ешқандай талдау, зерттеу жасамай берілуі мүмкін деген жағдайдың болуы деп есептейді.

Профессор М.С.Строговичтің айтуы бойынша, зерттеу жоқ жерде, сараптама да жоқ, ал сараптама жоқ жерде дәлелдеме ретіндегі сарапшының қорытындысы да жоқ дейді [6, 145 б.].

Қылмыстық іс бойынша белгілі бір мән-жайлар мен фактілерді анықтаудағы сараптамалық зерттеу процесі ретінде сараптаманы дұрыс түсіну кейбір ғалымдардың талқылауы бойынша, онда жоқ терминдерді кіргізуге әкеп соқты. Мысалы, Б.АТалкин былай жазды-егер іс материалдарының фактілері мен мән-жайларын зерттеу үшін ғылым, өнер

немесе қолөнер саласында арнайы білім қажет болғанда, мұндай білімі бар адамдар шақырылады. Ал шынында, Ресейдің қылмыстық іс жүргізу кодексінің 78-бабында істің фактілері мен мән-жайларын зерттеу туралы сөз жоқ. Бұл бапта былай делінген: "Анықтама, алдын ала тергеу және сот талқылауы кезінде ғылым, техника, өнер және қол өнер қажет болғанда сараптама тағайындалады [8, 123-125 бб.].

Қылмыстық іс жүргізу кодекстің сот сараптамасының түсінігін анықтайтын баптарында сарапшы арнайы білімдер көмегімен қылмыстық істің белгілі бір мән-жайларын анықтауда зерттеу жүргізу және бұл зерттеудің нәтижесінде сарапшының қорытындысын алу қажет болғанда тағайындалатыны туралы нақты көрсетілуі керек.

Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 240-бабына сәйкес, сараптама сарапшы арнайы ғылыми білімдер негізінде жүргізілетін іс материалдарын зерттеу нәтижесінде іс үшін маңызы бар мән-жайлар алынуы мүмкін жағдайда тағайындалады. Аталған баптың мұндай талаптары қазіргі кездегі сот сараптамасының мәні туралы әртүрлі талқылауларды жоюға мүмкіндік береді [9].

Істің белгілі бір мән-жайын анықтаумен байланысты сарапшының қызметі ретінде сот сараптамасы қарапайым ғылыми зерттеулермен көптеген ортақ үқсастықтары бар. Дегенмен, сот сараптамасы қарапайым ғылыми зерттеулерден ерекше процессуалдық нысанмен, белгілі бір құқық қатынасымен ерекшеленеді. Қарапайым ғылыми зерттеудің қорытындысындағы қателіктер барлық жағдайда кейінгі зерттеулермен өзгертілуі немесе ғылыми қорытынды тәжірибеде тексерілуі мүмкін. Ал сот сараптамасында көптеген жағдайда мұндай мүмкіншіліктер жоқ. Бірақ, сот сараптамасында белгілі бір ережелер, нормалар бар, яғни бұл нормалар мен ережелерді орындаған кезде соттың қарауына сарапшы объективті, ғылыми негізделген қорытынды ұсынуына икемді кепіл болады. Осындай кепілдіктер сарапшыны таңдау, қылмыстық процесс қатысушылары өздері немесе құқықтары мен мүдделерін қорғайтын адамдардың бастамашылығы бойынша тағайындалатын және сот сараптамасын жүргізудің тәртібі туралы ережелер болып келеді. Бұл ережелер сот сараптамасын жүргізудің қағидалары ретінде аталуы мүмкін.

Бұл аталған жағдайлардың барлығы сарапшыға қылмыстық істің мән-жайын сапалы, объективті, жан-жақты немесе қатесіз зерттеуге және тергеуші мен соттың сарапшының қорытындысын бағалауын жеңілдетін, сарапшыдан объективті шындықты алуға кепіл болады [10, 195-196 бб.].

Сот сараптамасының дұрыстығын тексеру үшін белгіленген ерекше процессуалдық тәртіп, қорытынды бергенде оның толық, объективті болуына кепілдік беретін тағы бір ережеге негізделеді. Бұл ереже істің мән-жайын зерттеуде арнаулы ғылыми білім қолданғанда сақталуға міндетті, яғни арнаулы ғылыми білімді қажет ететін зерттеулерді соттың немесе тергеушінің өзінің жүргізуіне жол берілмейтіндігі.

Сараптаманың қорытындысы дәлелдеменің қайнар көздерінің бірі болғандықтан, соттың басқа да іске қатысушыларды қатыстыра

отырып, тексерілуге және бағалануға жатады. Егер зерттеуді басынан бастап соттың өзі жүргізсе, мұндай дәлелдемелерді бағалау процесі мүлдем болмайды. Мұндай жағдайда сарапшы мен сот қызметі бір адамда шоғырланушып, өз қорытындысын тек кеңесу бөлмесінде беруші еді және тараптар сот тергеуінде сарапшының қорытындысын білмей, одан жауап алынбай және оның қорытындысын бағалауға қатыса алмаушы еді.

Қылмыстық процестегі сот сараптамасының мәнін дұрыс түсіну, оның мақсатын, міндетін және бұл мақсатқа жету үшін қолданатын әдістері мен тәсілдерін дұрыс түсіну, бұл дәлелдеменің бір көзін қылмыстық процесте дұрыс қолдануды және әділеттілік мақсатында әр түрлі ғылым саласындағы арнайы білімдерді немесе ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың тұрақты түрде кеңеюін қамтамасыз етеді [11, 45 б.].

Сот сараптамасының сипаттамасы ретінде оны тағайындау мен жүргізудің мақсаты мен шарттарын айта кеткен жөн. Жоғарыда көрсетілгендей сот сараптамасының мақсаты жүргізіліп отырған қылмыстық іс бойынша жаңа мән-жайларды анықтау және сарапшының қорытындысы ретіндегі жаңа дәлелдемелер алу болып табылады.

Кейбір заң әдебиеттерінде сот сараптамасын жүргізудің шарттары немесе сот сараптамасының белгілері деген ұғымдар кездеседі. Бұл екі ұғымның бір біріне ұқсастығы мен айырмашылығы бар. Мысалы, орыс ғалымы Ю.К.Орлов сот сараптамасының белгілері деп атаса, ал отандық С.Ф.Бычкова сот сараптамасын жүргізудің шарттары деп жазады [12, 25 б.].

Сонымен, сот сараптамасының негізгі белгілері төмендегідей: Қылмыстық іс бойынша жаңа мән-жайларды анықтау үшін Арнайы ғылыми білімді қолдана отырып, сот сараптамасын жүргізу; Қылмыстық іске маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін зерттеуді жүргізу; Сараптаманы арнайы процессуалдық тұлға-сарапшының жүргізуі; Сот сараптамасының белгілі бір процессуалдық нысанда жүргізілуі; Сараптамалық зерттеудің барысы және нәтижесі арнайы процессуалдық құжатпен-сарапшының қорытындысымен рәсімделуі; Зерттеудің нәтижесінде белгілі бір теориялық принциптер мен зерттеушінің тәжірибесіне сүйенетін фактілерді талқышау, бағалау негізінде қорытындыны қалыптастыру [13, 25 б.].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. С. Ф. Бычкова. Организация назначения и проведения судебной экспертизы. А - 1999, 201 б.
2. Щербаковский М. Г., Пчелинцев А. М., Быстрова О. Н. Особенности исследования следов металлизации, образованных на тканях колюще-режущими орудиями. // Применения физико-химических методов и ЭВМ в исследованиях объектов судебной экспертизы. - М., 1988. С. 175.
3. Криминалистика. Учебник для вузов. /Отв.ред.проф.Н.ПЯблоков. М., 1995. - 708 с.

4. Криминалистика: Учебник. / Под ред. Т. А. Сецовой, А. А. Эксархопуло. - СПб: Изд-во С.-Петербургского ун-та, 1995. - 528 с.
5. Терзиев Н. В. Идентификация и определение родовой (групповой) принадлежности. - М., 1961. – 120 с
6. Митричев В. С. Научные основы и общие положения криминалистических идентификационных исследований физическими методами: Автореф. дисс. на соиск. Ученой степени доктора юридических наук. - М., 1971. - 89 с
7. Криминалистика: учеб. для вузов/Под ред.И.Г.Герасимова и Л.Я. Драпкина. - М., 1994. - 528с.
8. Мальков В. Д. Незаконное ношение, хранение, изготовление или сбыт оружия или взрывчатых веществ. // Преступление против общественной безопасности, общественного порядка и здоровья населения. - М., 1970. С. 123-128.
9. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсанындағы Қылмыстық іс жүргізу кодексі. - Алматы, 2012. – 147 б.
- 10.Криминалистика: Оқулық / Е.Ф. Жәкішев, Ә.А. Исаев, Г.Х. Найманова, Р.Б. Тапалова, Н.С. Темірболат. -Алматы.: Қазақ университет, 2005. - 396 б.
- 11.Исаев А. А. Применение специальных познаний для квалификации преступлений. - Алматы.: Мектеп, 1997, - 234 с.
- 12.Бычкова С.Ф., Богодухова Е.Д. Изучение контрафактной продукции как новый вид экспертного исследования // Теория и практика судебной сарап-тамаи криминалистики. Сборник материалов международной научно-практической конференции / Под ред. М. Л. Цимбал. - Харьков: «Право», 2002. С.56-60
- 13.Аубакиров А. Ф., Мозговых Г. А., Шакиров К. Н. Криминалистическое исследование холодного оружия. - Алма-Ата, 1991. - 95 с.